



Вейтпен
төнген қауіп

8-бет



Жүргізуші
желіксе...

11-бет



Қанвоң:
1 алтын, 2 қола

15-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекетшілдік мінбері

5 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, ДҮЙСЕНБІ №24 (30753)

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Судьяларды іріктеу жүйеленеді



Суреттерді түсіргендер – А. ДИЖЕНКОВ, Е. ҚИЫБЕК

Президент Жоғары сот кеңесінің төрағасы Денис Шипті қабылдады. Мемлекет басшысына Жоғары сот кеңесінің 2023 жылы атқарған қызметінің қорытындысы, еліміздегі судьялар корпусының қазіргі жай-күйі және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды.

Денис Шиптің айтуынша, кеңес былтыр Мемлекет басшысы жүктеген бірқатар міндетті жүзеге асырған. Атап айтқанда, Жоғары сот кеңесін институционалдық тұрғыда күшейту және судья болуға үміткерлерді даярлау, біліктілігін көтеру, олардың шекті жасын ұзарту, өкілеттіктерін уақытша тоқтату немесе мүлде тоқтату мәселелерін аталған органның құзыретіне беру жұмыстары атқарылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа кеңестің

судьяларды іріктеу тәртібін жетілдіру, ашықтық пен тиімділікті қамтамасыз ету жұмыстары туралы мәлімет берілді. Қабылданған шаралар нәтижесінде жаңадан тағайындалған судьялардың қатарын көбейту үрдісі сақталып отыр. Былтыр судья лауазымына алғаш рет ұсынылған азаматтардың саны сот жүйесінен кеткендерге қарағанда 32 адамға артық болды. Гендерлік тұрғыдан әйел судьялардың саны ер адамдармен салыстырғанда 172 адамға көп.

Судьялардың орташа жас мөлшері – 46 жас, ал еңбек өтілі – 13 жыл.

Іріктеу барысында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету үшін конкурс рәсімдерін онлайн-трансляция жасау және оның қорытындысы туралы егжей-тегжей түсініктеме беру тәжірибесі алғаш рет енгізілді. Сонымен қатар өткен жылы Парламент Сенатының қарауына енгізу үшін Мемлекет басшына Жоғары сот судьяларының лауазымына үміткерлер тізімі бірінші рет балама негізде ұсынылды.

Бұдан бөлек аудандық сот төрағаларын сайлау тәртібіне жаңа элементтердің енгізілуіне байланысты Президентке судья лауазымы үшін кадрлық резерв жасақтау институтының рөлі күшейтілгені жөнінде ақпарат берілді.

Қазіргі таңда шешім шығару барысында судьялардың заңды өрескел бұзғаны үшін күші жойылған әрбір сот актісін Сот жюриінің тексеру механизмін заң жүзінде енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев судьялардың тәуелсіздігін күшейтуге және оларды сапалы түрде іріктеуге бағытталған реформаларды тиімді жүзеге асыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Саланың сапасын арттыру тапсырылды



Мемлекет басшысы Жоғары аудиторлық палата төрағасы Наталья Годувананы қабылдады. Наталья Годунова Президентке Жоғары аудиторлық палатаның былтыр атқарған жұмысы туралы есеп беріп, алдағы кезеңге арналған жоспарды баяндады.

Наталья Годувананың айтуынша, есеп беріліп отырған кезең ішінде 19,5 триллион теңгеге жуық бюджет қаржысы бойынша 208 нысанға 20 аудиторлық тексеріс жүргізілгені жеткізді. Сонымен қатар Президентке өткен жылдың 4-тоқсанында аяқталған жекелеген аудиторлық тексеру

жұмыстарының қорытындысы жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет ресурсының жұмсалып тиімділігін одан әрі арттыруға, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның жаңа өкілеттіктерін іске асыруға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісімді ратификациялау туралы

2022 жылғы 30 қарашада Парижде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 2 ақпан
№ 57-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы

2022 жылғы 12 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 2 ақпан
№ 58-VIII ҚРЗ

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Кенжеғұл Социалдұлы Сейтжан Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындалды.

САРАПТАМА

Ғылыми маман даярлау түйткілдері

Жоғары оқу орындарының басты міндеті – бәсекеге қабілетті маман даярлау. Кейінгі жылдары ғылымды ілгерілету міндеті алға қойылғандықтан, осы саланың сапасын жақсарту мәселесі күн тәртібіне шықты.

Айтқолған ЖҮНІСХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Ғылыми әлеует

Бұған қоса еліміздегі жоғары оқу орындарын зерттеу университеттеріне айналдыру үрдісі қарқынды жүріп жатыр. Бұл – ғылымның өрісін кеңейтіп, ғалымдарға зерттеу жұмысымен кедергісіз айналысуға мүмкіндік беретін қадам.

2023–2024 оқу жылында жоғары ғылыми білікті кадрларға қатысты 105 ұйым магистранттарды, 75 ұйым докторанттарды, 18 ұйым резиденттерді әзірлейді. Елімізде 36 491 магистрант, 7 437 резидент-дәрігер, 5 966 докторант оқып жатыр. Докторанттардың ең көп үлесі – Алматы қаласында (2729 адам немесе 45,7 пайыз). Астанада – 1797 адам (30,1 пайыз), Қарағанды облысында 372 адам (6,2 пайыз) докторантурада оқып жатыр. Ал бейінді бағыт бойынша докторанттар саны 233 адамды және философия докторанттары (PhD) 5733 адамды құрайды. Яғни бұлардың бәрі



Суретті түсірген: Брайан ОМЛД - «Е»

еліміздің ғылымдағы әлеуетін арттыратын мықты мамандардың қатарын толықтыруға тиіс. Осы мақсатта еліміздің жоғары оқу орындарында ғылыми базаға қолжетімділікті қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру,

инфрақұрылымын жақсарту, халықаралық байланысты кеңейту, шетелдік мамандарды тарту, үш тілде оқыту, ғылыми жарияланымдарды ұлғайту көзделген.

(Соңы 10-бетте)

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП



Босқын қайда барады?

Қазір әлемде босқын үдерісі жылдан-жылға үдеп, үлкен проблемаға айналып барады. Халықаралық қоғамдастық жаһанның қауіпсіздік жағдайын жақсартуға алмай тұр. Оның бір көрінісі – байырғы қонысынан баз кешкен адамдардың көбеюі. Әрине, олардың «астынан су шықпаса», мекеннен ауып несі бар? Мұны майшамен зерттеп жатқан БҰҰ мен Еуроодақ та әзірге ортақ шешім таба алмай, пұшайман болып отыр.

Бақытбек ҚАДЫР,
«Egemen Qazaqstan»

БҰҰ босқындар жөніндегі Жоғарғы комиссар басқармасының (БЖКБ) дерегі бойынша әлемде мәжбүрлі қоныс аударған адамдар саны 110 миллионнан асқан. Оның 36,4 миллионнан

астамы – босқындар. Баспана іздеп босқан 6 миллион адам бар екен. Халықаралық ұйым сарапшылары мұның негізгі себебі сұм соғыстың салдарынан екенін айтады. Бұған қоса саяси қуғын-сүргін, түрлі қақтығыс пен зорлық-зомбылықтың да зардабы тиіп тұр. Бүгінде кәрі құрлық «босқындар

лагеріне айналып барамыз» деп байбалам салғанымен, босқындарды ең көп қабылдап отырған ел – Иран мен Түркия. Әрқайсысы 3,4 миллион адамды паналатқан. Германия мен Колумбияда 2,5 миллионнан астам жұрт босып жүр. Ал Пәкістан 2,1 миллион босқынды қабылдаған.

Германия демекші, Еуропаға жеткеннің қолы көкке жететіндей көріндірегі бір кейісті кейс ұсынуымызға тура келіп тұр. Қазір өзі босып, бордай тозып жүргендерге түрлі шабуыл жасап, қысым көрсету дерегі де аз емес.

(Соңы 5-бетте)